

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына арналған пруденциалдық нормативтер, оларды есептеу әдістемесі және пруденциалдық нормативтердің орындалуы жөнінде есеп беру, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтерін диверсификациялау дәрежесіне қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде" 2004 жылғы 27 қарашадағы N 335 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 19 ақпандағы N 36 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 25 наурызда тіркелді. Тіркеу N 3514. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы N 87 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы N 87 қаулысымен (колданысқа енгізілу мерзімін 3-тармақтан қ а р а ң ы з) .

Қазақстан Республикасында сақтандыру ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына арналған пруденциалдық нормативтер, оларды есептеу әдістемесі және пруденциалдық нормативтердің орындалуы жөнінде есеп беру, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтерін диверсификациялау дәрежесіне қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде" 2004 жылғы 27 қарашадағы N 335 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3351 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына арналған пруденциалдық нормативтер, оларды есептеу әдістемесі және

пруденциалдық нормативтердің орындалуы жөнінде есеп беру, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтерін диверсификациялау дәрежесіне қойылатын талаптар туралы нұсқаулықта:

3 - т а р м а қ т а :

1) т а р м а қ ш а д а :

"жиырма" деген сөз "он бес" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) т а р м а қ ш а д а :

екінші абзацта "он" деген сөз "он бес" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацта "бес" деген сөз "он" деген сөзбен ауыстырылсын;

бесінші абзацта "он" деген сөз "жиырма" деген сөзбен ауыстырылсын;

алтыншы абзацта "он" деген сөз "он бес" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "." деген тыныс белгісі ";" деген тыныс белгісімен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) "өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымының сақтанушыларына берілетін заемның жиынтық мөлшері сақтандыру ұйымы активтері сомасының он процентінен аспауы тиіс.";

4 - т а р м а қ т а :

5) тармақшада "." деген тыныс белгісі ";" деген тыныс белгісімен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) "өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымының сақтанушыларына берілетін заем - негізгі борыш сомасының жүз проценті мөлшерінде.";

9 - т а р м а қ т а :

9) тармақшадағы "." деген тыныс белгісі ";" деген тыныс белгісімен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) сақтанушыларға берілген заемдар ("өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары үшін).";

1 - қ о с ы м ш а д а :

200__ жылғы "_____" _____ жағдай бойынша пруденциалдық нормативтердің орындалуы туралы есепте:

"Көрсеткіштің атауы" бағанында:

мынадай мазмұндағы 9.1 деген реттік нөмірмен, жолмен толықтырылсын:

9.1.	Негізгі борыш сомасының 100% көлемінде сақтанушыларға берілген заемдар ("өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары үшін)		100%	
------	--	--	------	--

реттік нөмірі 10, жолда "(жолдар сомасы 1.1., 2., 3., 4., 5., 6., 7., 8., 9.)" деген сөздер "(жолдар сомасы 1.1., 2., 3., 4., 5., 6., 7., 8., 9., 9.1.)" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 14, жолда "(жолдар сомасы 1., 2., 3., 4., 5., 6., 7., 8., 9., 11., 12., 13.)" деген сөздер "(жолдар сомасы 1., 2., 3., 4., 5., 6., 7., 8., 9., 9.1., 11., 12., 13.)" деген сөздермен ауыстырылсын;

Активтерді диверсификациялау нормативтерінің есебінде:
"Көрсеткіштің атауы" бағанында:

реттік нөмірі 1, жолда "20 %-нен кем емес" деген сөздер "15 %-нен кем емес" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 2, жолда "10 %-тен аспаса" деген сөздер "20 %-тен аспаса" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 3, жолда "10 %-нен жоғары емес" деген сөздер "15 %-нен жоғары емес" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-жолмен толықтырылсын:

5	Сақтанушыларға берілген заемдардың жиынтық мөлшері ("өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары үшін) (НД8) - баланс бойынша активтер сомасының 10%-нен астам емес		
---	---	--	--

Активтерді диверсификациялау нормативтерінің есебіне берілген түсініктемелерде:

"НД2 - "10%-нен аспайтын" деген сөздер "15%-нен аспайтын" деген сөздермен ауыстырылсын;

"НД4 - "5%-тен аспайтын" деген сөздер "10%-нен аспайтын" деген сөздермен ауыстырылсын;

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

3. Сақтандыру рыногының субъектілерін және басқа қаржылық ұйымдарды қадағалау департаменті (Каримуллин А.А.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына және "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" Занды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

4. Халықаралық қатынастар және жұртшылық байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары
К.М.Досмұқаметовке жүктелсін.

Төраға

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК